

Әуликөл ауданында 2014 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 ақпандағы № 22 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 наурызда № 4467 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **Қаулы етеді:**

1. Қосымшаға сәйкес, Әуликөл ауданында 2014 жылға арналған нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.С. Н ұ ғ м а н о в а ғ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 4 жы л ғы

5

а қ п а н д а ғ ы

№ 22 қаулысына қосымша

Әуликөл ауданында 2014 жылға арналған нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Жұмыссыз ретінде тіркелген елу жастан асқан тұлғалар.
2. Ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеген азаматтар (бір жылдан артық).
3. Бұрын жұмыс істемеген жұмыссыздар (жұмыс өтілі жоқ).
4. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.